

"Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 23 қазан N 1582

Азаматтық авиация саласының тұрақсыздануына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен "Эйр Қазақстан тобы" жабық акционерлік қоғамын таратуды қамтамасыз етсін.

2. "Азаматтық авиация қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар

және "Эйр Қазақстан топ" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 желтоқсандағы N 1904

P991904_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 539-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.